

## ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

25-қарашада, № 1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінде «Жеке пәндер әдістемелері» ПЦК-ның колледж кітапханасымен біріккен, Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 ж.мерейтойына орай педагогикалық, әдеби кеш өтті. Кеште Ахмет Байтұрсыновтың өмірімен, еңбектері туралы бірнеше баяндамалар мен өлеңдер оқылды, сонымен қатар, кітапханашы Бейсембекова Жанна Хамитовна арнайы көрме ұйымдастырып, А.Байтұрсынов туралы бірнеше жаңа кітаптарға библиографиялық дайжест жасады. ПЦК төрайымы Айтбаева Айгүл Тлеубаевна, 32 Б топ студенттерімен «Ұлт Ұстазы Ахмет» фильміне қысқаша шолу жасап, үзінділер көрсетіліп, талданды. Мысалы, А.Байтұрсыновтың дәйектеме, сөйлемді тб ойлап табу сәтіне ерекше көңіл бөлініп, түсіндірмелі-иллюстративті түрде талданды. Студенттер арасында жүргізілген «Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынов» тақырыбы бойынша жазылған эссе сайысынан «ЕҢ ҮЗДІК ЭССЕ» номинациясымен марапатталды.

Сонымен, Я құдайым! Аққа жақ!  
Өзіңе аян- мен нақақ.  
Аққа деген жолымның  
Абыройын ашпай, жап! – тілегімен, Ахмет өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. Ахмет рухына тағзым ете отырып, бүгінгі кешімізді аяқтадық. Кеш соңында кері байланыс жасалынып, белсенді қатысушыларға сыйлықтар берілді.





©©©  
Samsung Triple Camera  
СНЯТО НА Galaxy A41